



# Резидентура «Отбасылық медицина»

**Ақтөбе, 2024**

## Резидентураның білім беру бағдарламасының миссиясы

Практикалық денсаулық сақтаудың әлеуметтік маңызды міндеттерін шешу мақсатында заманауи инновациялық технологияларды пайдалана отырып, өзінің кәсіби қызметін сапалы орындайтын, серпінді дамып келе жатқан заманауи медицина жағдайында өмір бойы оқу арқылы өзінің кәсіби шеберлігін ұдайы жетілдіретін, сондай-ақ қоғамның, мемлекеттің қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыратын белсенді азаматтық ұстанымға ие жоғары білікті бәсекеге қабілетті отбасылық дәрігерді даярлау.

**"№2 Жалпы дәрігерлік практика" кафедрасы** 2008 жылы ұйымдастырылды. Бірінші жетекші профессор, м. ғ. д., К.Ж Сакиева болды, 2013 жылдан 2017 жылға дейін кафедраны доцент, м. ғ. к. Г. Р. Жакиева басқарды. 2018 жылдан бастап және қазіргі уақытта кафедра жетекшісі А.Ш.Сартаева. Кафедра 2023 жылы "Отбасылық медицина" кафедрасымен біріктірілді.



Практикалық дағдыларды игеруге арналған **КЛИНИКАЛЫҚ БАЗАЛАР**:  
амбулаториялық мекемелер-ҚЕ № 1, 2, 3, 4, 7, ОМО, ОМК;

Стационарлар-АМО, жұқпалы аурулар ауруханасы, БҚМУ МО, КОА.



24.02.22 ж. нұсқау хатына сәйкес резидент-дәрігер "оқып жұмыс жасаймын" қағидаты бойынша 0,5 мөлшерлемеммен жұмыс істеуге құқылы. Қазіргі уақытта резиденттер №4 ҚЕ, ОМК-да жұмыс істейді.



# Конференциялар

2021 жылдан 2023 жылға дейін Дүниежүзілік Отбасылық дәрігер Күніне арналған "Отбасылық медицина бойынша резидентура: жетістіктер, мәселелер, перспективалар" атты жыл сайынғы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.



# Резиденттердің ғылыми-зерттеу жұмысы



Отбасылық медицина резиденттері жыл сайын ғылыми конференцияларға қатысады және жүлдегерлер болып табылады.







Біз отбасылық медицинаның жаңа резиденттерін көруге қуаныштымыз!